


**Мамышева Мөлдір Ерланқызының 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ПІКІРІ**

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>1.1 Диссертация ономастика, топонимика, лингвомәдениеттану ғылымдары салаларының даму бағыттарына сәйкес орындалған.</p> <p>1) диссертация АР05134139 «Шығыс Қазақстан ономастикалық кеңістігі – ұлттық код пен рух жаңғыруының көрінісі» (Тарбағатай, Аягөз, Үржар аудандарының топонимикалық атаулары негізінде)» мемлекет бюджетінен қаржыландырылған ғылыми жоба аясын негізге алады;</p> <p>2) диссертация Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсат, міндеттеріне сәйкес келеді;</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиямен бекітілген ғылымды дамытудың негізгі бағытымен сәйкес келеді:</p> <p>- «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»;</p> <p>- «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеулер».</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс аймақтық топонимиядағы микротопонимдердің тарихи, рухани-мәдени ұлттық құндылықтарын сипаттайтын тілдің менталды көрінісін бағамдайды. Зерттеу нысаны



			ретінде қарастырылып отырған өңірдің ерте дәуірлерден бері өмір сүріп келген елдің, халықтың этнотанымдық ерекшеліктерін ескере отырып, микротопонимдердің лингвомәдени ерекшеліктерінің ғылыми тұрғыдан маңыздылығын, оның ғылым дамуына қосатын үлесін көрсетеді. Жұмыстың негізгі қағидалары, нәтижелері, қорытындылары бұған дейін арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған Абай облысының, оның ішінде Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдеріне тарихи-тілдік, лингвомәдени талдаулар негізінде ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзіжазбаған	Диссертант топонимика саласына қатысты іргелі ғылыми-теориялық әдебиеттерге сілтемелер жасай отыра, зерттеу нысаны ретінде қарастырылып отырған аймақ бойынша жиналған атауларға талдаулар негізінде өзіндік түйінді тұжырым, пікірлерін ұсынған. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейінің жоғары екендігін зерттеу нәтижелері толықтай көрсете алады.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың жазылуында «Микротопонимдердің лингвомәдени ерекшеліктері», «Микротопонимдердің тарихи-лингвистикалық сипаты (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары бойынша) атты үлкен екі бөлімінің өзара ішкі бірлік қағидалары сақталған, талаптарға сай орындалып отырған. Диссертация бұған дейін арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған Абай облысының, оның ішінде



		Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары бойынша жиналған микропонимдерге лингвомәдени талдаулар жүргізуі еңбектің өзектілігін негіздейді.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыс мазмұны зерттеу тақырыбының мақсаты мен міндеттерін орындай отырып, нақты тұжырымдар негізінде диссертация тақырыбын толық айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Ұсынылып отырған жұмыста микропонимдерді танудың лингвомәдени негіздері мен дәстүрлі лингвистикалық парадигма аясындағы қолданысын бағамдай отырып, Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микропонимдерінің лингвомәдени жүйесін лингвомәдени және тарихи-лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеуді мақсат етіп алған зерттеудің міндеттері айқын, әрі жұмыс тақырыбына сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның «Микропонимдердің лингвомәдени ерекшеліктері», «Микропонимдердің тарихи-лингвистикалық сипаты (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары бойынша) атты үлкен екі бөлімінің құрылысы логикалық тұрғыдан толық байланысқан.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың	Диссертанттың зерттеу барысында қолданған әдістерінде нәтижелер мен түйіндеулер бар. Диссертациялық жұмыста сипаттама, құрылымдық, салыстырмалы-тарихи, тарихи-тілдік және концептуалды зерттеу әдістері қолданылған. Әдістерді қолдана отырып салыстырмалы талдаулар жасай білген.

		сілтемелеріне негізделген	
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация негізінде алынған төмендегі нәтижелер:</p> <p>1) Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің микротопонимдік кластар ретінде қарастырылуы;</p> <p>2) этнос танымының топонимиялық жүйедегі көріністерін қарастыруда таным (этнос танымы немесе этикалық таным), дүниетаным, ғаламның (дүниенің) аймақтық микротопонимиялық бейнесі сынды ұғымдардың «адам», «қоғам», «табиғат» концептісінің айналасына топтастырылып берілуі;</p> <p>3) Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарының тарихи-этимологиялық ерекшеліктерінің айқындалуы;</p> <p>4) микротопонимдердің құрылымдық ерекшеліктерін тануда қазақ және түркі ономастикасында жалқы есімдердің құрылымдық типін анықтауға баса назар аударуы мен топонимдік кеңістіктің құрылысын және топонимжасамдық ерекшеліктерін талдау топонимнің біртұтас бөлігі ретінде қарастырылуы;</p> <p>5) микротопонимдердің де өзіне тән грамматикалық сипаты, морфологиялық құрылымы, жасалу тәсілдері, сөз тудыратын формалары – нақтысы, топонимжасамдық құрылымының болатындығын нақты мысалдармен дәлелдеп беруі толығымен жаңа болып есептелді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Диссертацияның түйінді қорытындылары толығымен жаңа болып табылды</p>



		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың мазмұнына сай техникалық шешімдері негіздерге сүйене отырып жаңа болып табылады
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертация бойынша жасалған барлық түйінді қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды, нақты дәлелдемелерге негізделген.
7	Қорғауғашығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Диссертация негізіндегі ұсынылған әрбір қағидат нақты дәлелдермен ұсынылған. Әрі ол алынған қағидаттар нақты дәлелдермен берілген. Қағидаттар жаңашылдығымен маңызды. Әрі қолдану деңгейі ауқымды. Ол диссертанттың мақалаларынан да көрініс тапқан.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған	Диссертациялық жұмыста әдіснама нақты жазылған. Зерттеудің теориялық және

	ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	әдіснамалық негізіне қазақ ономастикасының жалпы мәселелеріне қатысты зерттеушілердің еңбектері негізге алынған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста негізгі теориялық қорытындылар мен тұжырымдар топонимика саласындағы іргелі еңбектерді жан-жақты қарастыра отырып жасалған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды қоса есептегенде 114 әдебиет пайдаланылған, әдебиеттер саны жеткілікті деңгейде.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ;	Диссертацияның теориялық және практикалық маңызы бар.



		2) жоқ	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы және алынған нәтижелерді қолданудың жоғары ықтималдығы бар. Алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында арнайы оқытылатын ономастика, топонимика, этнолингвистика, лексикология және лингвомәдениеттану пәндері бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде, теориялық курстар мен арнайы семинарлар ұйымдастыруда, сонымен қатар лексикографиялық тәжірибе жүргізуде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация жұмысының практикалық маңыздылығы жоғары. Еңбек аймақтағы топонимдік жүйе туралы жаңа пайымдаулар мен шешімдер жасауға мүмкіншілік беретін жаңашылдығымен ерекшеленеді.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Зерттеудің академиялық жазу сапасы жоғары және рәсімделуі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай орындалған. Диссертация Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесін тануға бағытталған жаңа, ғылыми негізделген ұсыныстарын, қорытындыларын, теориялық және тәжірбиелік нәтижелерін қамтитын кешенді зерттеу жұмысы болып табылады.

Мамышева Мөлдір Ерланқызының «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді.



Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Мамышева Мөлдір Ерланқызы 6D020500 - «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептейміз.

Ресми рецензент:

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты



Алимхан А.А.

*А.А. Алимхановтың қолы растаймын*  
*ТЖЖ ТЖБ маманы*  
*24.03.2023 ж*

